

## **Дәріс №6**

**Тақырыбы:** Түрік қағанаты – Қазақстан тарихындағы алғашқы ортағасырлық мемлекет.

**Дәрістің мақсаты:** Студенттер түріктердің шығу тегі туралы қытай аңызының екі версиясын талқылай отырып, түрік-теле, түрік-авар, түрік-иран, түрік-византиялық қақтығыстар, Түрік қағанатының құлауына әсер еткен саяси-экономикалық себептер жөнінде біледі; жазба және археологиялық деректерді саралай алады; түркілердің территориясы мен археологиялық ескерткіштерді тарихи және археологиялық карталарда жақсы бағамдауға дағдыланады.

**Мазмұны:** 1. Түрік этногенезі туралы деректер мен зерттеулер. 2. 552 ж. Түрік қағанатының құрылуы. Бумын қаған. 3. Мемлекеттің Мұқан қаған тұсында Орталық Азияда саяси үстемдікке жетуі. 4. Естеми қаған тұсындағы Батысқа жорық. Түріктердің Византия, Иран және Қытаймен қарым-қатынасы. 5. Қағанаттың әлсіреуі және екіге бөлінуі.

### **Түрік этногенезі туралы деректер мен зерттеулер.**

1968 жылы Моңғолияда Түрік қағанатының алғашқы өмір сүру кезеңі жөнінде мәлімдейтін эпиграфиялық ескерткіш ашылған – соғды жазуындағы Бугуттағы стела. Ескерткіштің жоғарысында қасқыр бейнесі, оның қойнында қолдары мен аяқтары кесілген адамның жатқан бейнесі бейнеленген. Бұл стеладағы бейне нені білдіреді? YI ғ. қытай тарихшылары жазған түрік аңызына сәйкес, түріктердің ата-тегі «үлкен болота шетінде» өмір сүрген, көрші тайпалардың әскерлерінің қолынан қырылады. Тек жаудың қолынан мүгедекке айналған 10 жасар бала ғана тірі қалады. Оны қасқырдың қаншығы асырап алады, кейін оның әйелі болады. Дегенмен де баланы дұшпандары тауып алып өлтіреді, ұрғашы қасқыр Тұрфаннан солтүстікке қарай (Шығыс Тянь-Шань) тауына қашып барып, сонда он бала табады. Олардың әкесі кезінде өзі құтқарған бала болады. Ұрғашы қасқырдың балалары Тұрфан қыздарына үйленеді. Оның немерелерінің біреуі – Ашина жаңа тайпаның көсемі болып, ол тайпаға өз атын береді. Кейін Ашина руының көсемдері өз руластарын Алтайға шығарып, олар сонда жергілікті тайпаларға билік жүргізіп, өздерін түріктер атап кеткен. Яғни аңыз түріктердің шығу тегін Шығыс Тянь-Шаньмен байланыстырады. Ол жөнінде қытай тарихи жылнамалары хабарлайды. Олардың мәліметінше, соңғы ғұн тайпаларының тобы III ғасырдың соңы мен IV ғасырдың басында қоныс тепкен Тянь-Шаньнің солтүстігінен IV ғасырдың соңында Тұрфан аймағына ығыстырылған. Ол жерді олар 460 жылға дейін мекендеген. Осы жылы оларға моңғолтілдес жуан-жуандар (аварлар) шабуыл жасап, олар құрған иелікті қиратты, нәтижесінде бағындырылған ғұндар Алтайға көшірілді. Қоныс аударушылар ішінде Ашина тайпасының ұрпақтары да болды.

Түрік аңызы да, қытай деректері де Ашина Шығыс Түркістанда өмір сүрген кезінде өз құрамына жаңа этникалық топты қабылдағандығы,

жергілікті тұрғындарымен араласқандығы жөнінде айтады. Ашина өмір сүрген территорияда III ғ.с.- 460 жылға дейін ирандық (соғдылық) және тохарлық (үндіеуропалық) тұрғындар Ашина тілі мен мәдени дәстүріне әсер еткен. Осы жерде түрік-соғды қарым-қатынастарының негізі қаланған, бұл қарым-қатынас ежелгі түріктердің мәдениеті мен мемлекеттілігіне әсерін тигізді.

Көбіне түріктердің шығу тегі жөнінде аңыздардан Чжоу Шу мен Бэй Ши аңыздары кең қолданылады. Екі аңызда бірауыздың түрліше жазбасы болса керек. Ашинаның көшіп келуімен олардың генеологиялық дәстүріне түркітілдес этникалық топтардың тең құқылы мүшелері солтүстіктен орталық Азия мен Оңтүстік Сібір этникалық топтары қосылады. Екі аңыздың екеуінде сараптаған кезде, екі басты жағдайды ескеру қажет: біріншіден, негізгі төрт ежелгі түріктік түрік этногенезінің ерте кезеңінде қалыптасқан (қырғыз, теле(оғыз), қыпшақ); екіншіден, VI ғасырда сақталған жазбадағы мәліметтер V-ші немесе IV-V ғасырлардағы Шығыс Тянь-Шань және Саян Алтайдағы (Моңғол Алтайын қоса) болған оқиғаларды қамтиды.

**Пайдаланған әдебиет:** Кляшторный, Султанов Казахстан. Летопись трех тысячелетий.

## ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ (552-603)



«Ашин» - «қасқыр», «бөрі» деген сөз. Ол моңғолша «шоно-чино». «А» - қытай тілінде құрметтеу профилі.

Қытай авторлары «түрік ханы» мен «бөрі» ұғымын мағынылас деп есептейді, сонда тегі түрік хандарының көзқарасына сүйенетін болса керек.

Сәнби ханшасының күйеуі Шаболио хан жөнінде: «өзінің қасиеті жағынан хан нағыз қасқыр» (Н.Я.Бичурин Ерте заманда ... I т. 237 б.) – деп айтқаны тегін болмаса керек; түріктерге шабуыл жасаған кезде: «мынадай шаралар қолдану керек: көшпенділерін қуып, бөрілеріне бассалу қажет» - деп тіпті нұсқау қағаздың өзінде де айтылған. Түрік байрақтарына бөрінің басы алтынмен әшекейленіп салынған, ақырында, түріктердің шыққан тегі жөніндегі екі аңызында (Чжоу Шу; Бэй Ши) ең әуелі ана-қаншық қасқыр делінеді.

## «Түркі» сөзінің шығуы мен мәні

«Түрік» атауы алғаш рет *542 жылы* қытай деректерінде кездеседі.

Қытайлар түріктерді *ғұндардың ұрпағы* деп санаған. Алғашында «*түрік*» этнонимі *әскери шонжарлар* деген мағынаны білдірсе, кейін «*мықты, күшті*» деген мағынада үстемдік етуші *ашина әулетіне* байланысты аталды.

Теле-түркі тілдес тайпалардың ортақ атауы. Қытай шежіресі бойынша «теле» сөзінен «түркі» атауы қалыптасқан.

Активация Windows  
Чтобы активировать Wind  
раздел "Параметры".

**Пайдаланған әдебиет:** Л.Гумелев Көне түріктер.

ҮІҒ. II жартысында түрік термині бірінші рет қағазға түседі. Соғдылықтар оларды «турк» деген атпен берген, соғдылық көпше түрде «туркут», «тюрки». Соғдының көпше түрдегі формасын қытайлықтар иемденіп «туцзюе-тюркют» д.а. Себебі түріктер мен қытайлықтар арасындағы алғашқы дипломатиялық қарым-қатынас соғдылықтардың делдалдылығымен жүзеге асқан. Артынша, византиялықтар «тюрк» терминін хатқа түсірген.

Қағанатты құрғанша «түрік» сөзі ондық одағын білдірген (кейін 12 тайпа), 460ж. Алтайда құрылған. Ол ескі түрік мәтінінде «тюрк» бодун деген мағынада берілген. «Бодун» сөзі тайпалар одағы (бод-тайпа) дегенді білдірген. VIII ғасырдың ортасындағы деректерде «12 тайпалық түрік халқы» деген мәліметтер кездескен.

**Пайдаланған әдебиет:** Кляшторный, Султанов Казахстан. Летопись трех тысячелетий.

«Түрік» сөзінің өзі «күшті, мықты» дегенді білдіреді деген Л.Гумелев. А.Н.Кононовтың пікірінше ол жинақтаушы ат, кейін тайпалар бірлестігінің этникалық атына айналған.

Н.А.Аристов «Түркілердің бастапқы шығу тегі мен олардың ата-жұрты туралы» деген мәселеде: «Түркілердің негізгі басты үлкен тайпалары алғашында Алтайды мекендеген. Алтайдағы жер-су атаулары көне түрік халық аңыздарына енуі бұған дәлел бола алады. Ежелгі түркі мемлекеті хундар империясы болып есептеледі» - дейді. Орхон жазбалары бұған дәлел.

М.Қашқари барлық түркі халқын оңтүстік: шігіл, хитай, табаш; солтүстік: печенег, қыпшақ, оғыз, иемек, башқұрт, ябакур, татар, қырғыз т.б. Таза түркі деп қырғыз, оғыз, тухси, яғма, шігіл, играк, чарук халықтарын атайды.

### **552 ж. Түрік қағанатының құрылуы. Бумын қаған.**

Ү ғасырға қарай Солтүстік Монғолиядан Орта Азиядағы Әмудария өзенінің бойына дейін созылған кең байтақ жердің бәрін тирек (телэ) деген жалпы атпен бірнеше тайпалар мекен еткен. Солардың бірі-түрік тайпасы. Түрік деген ат алғаш рет 542-ші жылы аталады. Қытайдың солтүстік батысында орналасқан Вэй княздігіне түріктер(туцюе) жыл сайын шабуыл жасап, ойрандап отырғандығы жөнінде айтылады. Қытайлар түріктерді сюнну-ғұндар деп атаған.

Солтүстік Қытайда жаңа соғыс бұрқ етеді. Шығыс Вэй империясының билеушісі Гао-Хуань жужан ханы Анахуанмен (Анағұй) және тоғон ханы Куалүймен одақтасып, Батыс Вэй империясына шабуыл жасап, бақталасы Юйвынь Тайды қатты тықсырады; алайда одақтастар шешуші жеңіске жете алмайды. Батыс Вэй императоры Вэнь-ди Ань Нопаньто біреуді достық

катынас жасау үшін түрік сұлтаны Бумынға жібереді.

## ***Бумын Қаған***

*Түрік қағанатының негізін қалаушы. Ашина тайпасынан шыққан.*

*545 жылы Қытай елшісі түрік қолбасшысы Бумынға келіп, бейбіт қарым-қатынас орнатады.*

*552 жылға дейін Түріктер Жужандарға (аварлар) тәуелді болды.*

*Алайда 552 жылы Түрік қолбасшысы Бумын Қытайдағы Батыс Вэй патшалығымен бірігіп, жужандарды жеңеді.*



Активация Windows  
Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".

Түріктерге келген елшілер 545 жылы қуанышпен қарсы алынады, сонымен қатар түріктер сол кезде жужандарға бағынышты теле (оғыздар) тайпасын бағындырады.

Жужандармен арада жанжал тудыру үшін және сонымен бірге бұл тартыстың айыпкері болып көрінбеу үшін, Бумын араңдату әрекетін жасады. Ол жужан ханы Анахуанның қызына үйленбекші болып ханға сөз салады. Дала дәстүрі бойынша, бұл онда ханмен иық теңестіріп шыға келер еді, ал хан абыройын төккісі келмесе, бұған келіспеуге тиіс. Қаһарына мінген хан оған дөрекі жауап қайтарады: «Әй, сен менің телмірген теміршімсің (түркілер жужандарға темір балықытып беретін), маған мұндай көргенсіздік жасауға дәтің қалай барады!». Хан бетін қайырғасын Бумын жәбірленуші болып шыға келеді, оған керегі де сол. Ымыраға келу жолын кесіп тастау үшін ол жужан елшісін жазалауға әмір етеді, енді осы арада оған Батыс Вэй үйімен жасаған одағы бірден қадеге асты. Ол дереу Вэнь-димен қайтадан келіссөз жүргізіп, 551 жылдың жазында Бумын қытай ханының қызы Чаңлені әйелдікке алады, бұл оның көшпелілер арасындағы абырой-бәделін біржолата арттыра түседі. Тосыннан шабуыл жасаудың артықшылығын пайдалануға тырысқан Бумын 552 жылдың қысында аварлардың ордасына шабуыл жасап, оларды күйрете жеңеді, авардың қағаны Анағұй өзін-өзі өлтіреді. Осы кезден бастап Бумын түрік билеп-төстеушілердің қағаны деген атағын алады («Елхан» шенін), бірақ Бумын 552-ші жылдың аяғында қайтыс болады.

**551 жылы** Бумын Қытаймен саяси байланысты нығайтып, қытай патшасының қызына үйленеді. Бұл жағдай түріктердің *беделін* біршама көтерді.

**552 жылы Жужан қағанатының соңғы қағаны Анағұйды** жеңеді. Түркілерден жеңілген Анағұй өзін-өзі өлтіреді. Осылайша Жужан Қағанатын әлсіретті.

Осы жеңістен кейін Бумын *«елхан»* - қаған деген атақ алады. Осылайша қаған атанып *Түрік қағанатын* құрады.

Активация Windows  
Чтобы активировать Wind  
раздел "Параметры".

### **Мемлекеттің Мұқан қаған тұсында Орталық Азияда саяси үстемдікке жетуі.**

Бумын өлгеннен кейін, таққа оның баласы Қара Ыссық хан деген лауазыммен отырады. Ол Орхонның жоғарғы жағында аварларды екінші рет жеңеді. Қара Ыссық жұмбақ жағдайда көз жұмады, оның баласы Шегу биліктен шеттеледі де, Қара Ыссық ханның інісі Кушу, Муган-хан деген лауазыммен таққа отырады. Оның ел билеген кезі 553-572 жылдар.

## *Қара-Еске қаған*

*Бумын қағанның баласы.*

*552-553 жылдары билік құрған.*

552 жылы Орхон озенінің жоғары жағындағы Букрат тауларында аварларды екінші рет талқандады.

Алайда ол ұрыста қаза табады.



Активация Windows  
Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".

Мұқанның тұсында аз уақыт ішінде (553-554жж.) түріктер шығыста қайлар, қидандар және оғыз-татар тайпаларын, солтүстікте Енисей қырғыздарын, Жетісу жеріндегі түргештерді өздеріне қаратты. 563-567жж. Эфталит патшалығын басып алды. Міне, осыдан кейін олардың жері Каспий теңізінен

Солтүстік Индияға және Шығыс Түркістанға дейін созылып жатты.

## ***Мұқан Қазан***

***Қара-Еске қазанның інісі.***

***553-572 жылдары билік құрған.***

***552-554 жылдары жужандарды толық жеңді. Осы кезден бастап түріктер Ұлы даланың шығыстағы қожасына айналды.***

***Солтүстігінде – Саян тауына дейін, шығысында- Сары өзеніне дейінгі қай, қидан, оғыз- татар т.б. тайпаларын бағындырды.***

***Қытай түріктерге салық ретінде жылына 100 мың метрге тең жібек матасын төледі.***



Активация Windows  
Чтобы активировать Wind  
раздел "Параметры".

Түріктер Орта Азияны жаулап алғаннан кейін Жерорта теңізіне баратын Жібек жолына иелік етті. Олар өздерінің жаулап алу жорықтарын жүргізуде Иранға қарсы Византиямен одақтасты. Түріктер Персия арқылы Византияға жібек және басқа заттар өткізуге рұқсат сұрап, 568 жылы Соғды көпесі Маниахтың басқаруымен елшілік жібереді. Осы елші Кавказ жері арқылы Константинопольге келіп, екі елдің арасында жібекпен тікелей сауда жүргізу туралы және олардың бірігіп, Сасанидтер Иранына қарсы қимыл жасау жөнінде келіссөз жүргізеді. 571 жылы түріктердің әскери қолбасшысы Естеми Солтүстік Кавказды басып алды, сөйтіп Керчь түбегіне(Боспорға) шықты. Оның баласы Түркісанаф Керчті басып алып, 576-шы жылы Қырымға шабуыл жасады. Бірақ Естеми өлгеннен кейін, 582-593жж. билік үшін қырқыс басталды. Өзара қырқыс пен әлеуметтік қайшылықтар қағанатты қатты әлсіретті. Күшейіп алған Иран 588ж. Герат түбінде түріктерді жеңіп шығады. Византия 590 жылы Боспорды қайтадан жаулап алады.

**Пайдаланылған әдебиет:** К.Р.Аманжолов Түркі халықтарының тарихы. – Алматы: «Білім», 2002.-292 бет.

**Естеми қаған тұсындағы Батысқа жорық. Түріктердің Византия, Иран және Қытаймен қарым-қатынасы.**



Бумынның інісі, түріктердің батыс жорығын бастаған. Елхан Бумын тұсында жабғы шенін иеленген. Мұндай шен мемлекеттің ханнан кейінгі бірінші адамына берілген, бірақ жабғы тақтың мұрагері деп есептелінбеген. Ол тегінде тайпа көсемдері болса керек – басшылық еткен, бәрінен бұрын Солтүстік Алтайдың угор тектес тайпаларының басшыларына ұқсайды. Олардың түріктеніп кеткен қазіргі ұрпақтары – шорлар, қумандықтар, кулар тағы басқалары болып табылады. Естеми хан атының түрікше емес, угорша – аруақ аты болуы тегін емес тәрізді. Қытайлар оның әскерінің санын 100 мың адам деп шамалайды, бірақ бұл дерек нақты жауынгерлер санын көрсетпейді.

Оның батысқа жорығы 554 жылдың көктемінде болса керек (бұған дейін, 553 жылы жужандарды біржолата ондырмай жеңеді). 555 жылы олардың әскері «Батыс теңізіне» жетеді, бірақ оны Каспий емес, Арал теңізі деп түсіну қажет, өйткені Фирдоуси Естеми билеген жердің мынадай шекарасын көрсетеді: «Шыңнан (Қытай) Жойқынның (Амудария) жағасына дейін және Шаштың аржағындағы (Ташкент) Гүлзарунға (Сырдария) дейін».

Осынау үзінді негізінде біз 555 жылы шекарасын белгілей аламыз: ол Ташкенттің теріскейімен жүріп, Сырдария Солтүстікке қарай бұрылатын жерде оны кесіп өтіп, ендік бағытымен жылжып, Амударияның төменгі жағы мен Арал теңізінің оңтүстік жағасы арқылы өткен. Соғдиана мен Бұқар ол кезде эфталиттерге қарайтын, жолаушылар солармен қақтығысып қалады. Сөйтіп түріктер бір жарым жылда бүкіл Орталық Қазақстанды, Жетісу мен Хорезмді бағындырады (түркі ханына бағынатын тайпалар арасында холиаттар да аталады (Менандр, 381-б), оларды орыс шежіресіндегі хвалистермен, яғни хорездіктермен бір санайды (С.П. Толстов, Жаңа жыл мейрамы..., 95-б.).


## *Иштеми Қазан*

*554-576 жылдары билікте болды.*

*Қытай деректерінің бірінде 100 мың адамдық әскері бар «он тайпа қазаны» аталды.*

*Алтайдың теріскейіндегі тайпаларды бағындырды.*

*555 жылы түріктер Арал теңізіне дейін жетіп, Қытайдан Әмударияға дейін, Ташкенттен Сырдарияға дейінгі аралықты жаулап алды.*



Активация Windows  
Чтобы активировать Wind  
раздел "Параметры".

Бірақ одан әрі іс қиындай береді. Арал теңізінің теріскей бетінде олар хуни (хионаттер; сармат-алан тайпаларының ұрпағы, Сырдарияның төменіндегі С.П. Толстов ашқан «Сазды қалалардың тұрғындары»), уар мен огорлар (венгерлердің арғы тегі, VI ғ. олар Башқұрт жерін Еділ мен Жайық арасындағы даланы мекендеген, XIII ғасырда Бақұрт халқы венгерлерге түсінікті өз тілдерін сақтаған еді дейді Рубрук) тайпаларының қарсылығына ұшырайды. Тек 558 жылы ғана бұл тайпалар талқандалды да, түркілер бағынғысы келмегендерді алдына салып айдап, Еділден барып шығады. Олар уар мен хуни тайпаларының жұрнағы – небәрі 20 мыңдай адам еді, кейін олар бір халық – авар болған (Ф. Симокатта осынау аварларды «Орта Азияны мекендейтін «шын аварлармен» яғни абарлармен шатастырмау керек деп әдейі ескертеді).

Түркілер Еділді кесіп өтпеген, Жайық өңіріндегі даланы қаратумен шектеліп қалған. Осымен Естемидің батыс жорығы біткен. Төрт жылда қолжеткен жетістіктері қағанат алдына бірқатар жаңа саяси міндеттер қояды.

Бүкіл азиялық даланы қамтып жатқан бір мемлекеттің пайда болуы Қытай, Византия мен Иран елшіліктері қызметі үшін орасан зор маңызы бар факторға айналды.

**561-563 жж.** -эфталиттерге қарсы **Иранмен** әскери одақ құрды.

**563-567 жж.** Эфталиттерді бағындырды.

**568 жылы** соғды көпесі Маниах бастаған түрік елшілігі Константинопольге Византия Императоры Юстин II-мен сауда және Иранға қарсы әскери одақ құру шартын жасасты.

**Византия тарихшысы Менандр** еңбектері **558-582 жылдардағы** түркі халықтарының тарихын қамтиды. «Маниах императорға қағанның **«скиф жазуымен»** жазылған хатын алып келген.

Активация Windows  
Чтобы активировать Windows, перейдите в меню «Параметры».

### **Қағанаттың әлсіреуі және екіге бөлінуі.**

Түрік қағанатының ыдырау себептері:

1. 581-588 жылдары бұған дейін ыдыраңқы күйде болған Қытай жұрты Суй династиясының қол астына біріктірілді; онда жасалған экономикалық реформалар Қытайдың экономикалық және әскери қуатының тез өсуін қамтамасыз етті; нәтижесінде күшейіп, үздіксіз соққы беріп отырды;

2. 581-583жж. жұттың болуы және үздіксіз соғыстар жүргізіп, басып алған жерлерінде түрік ақсүйектерінің жеке билік орнатуға ұмтылу саясаты қарапайым көшпенді халықты қалжыратты.